

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 наурыз N 411

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) оған таратылатын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Авторлық құқық жөніндегі комитетінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазпатент" Патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазпатент" патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) қайта құру жолымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің "Қазақстан патенттік сараптама институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - ҚПСИ) болып қайта ұйымдастырылсын.

4. Комитет ҚПСИ-дің мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

5. ҚПСИ қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:
өнеркәсіптік меншік объектілеріне (өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, тауарлар шығарылатын жерлердің атауларына) өтінімдер қабылдау, осы өтінімдерге сараптама жүргізу және өтінім берілген өнеркәсіптік меншік объектілерінің қорғау қабілеті шарттарына сәйкес келуін анықтау;

селекциялық жетістіктерге өтінімдерді және интегралдық микросхема топологияларын тіркеуге өтінімдерді қабылдау, осы өтінімдердің белгіленген талаптарға сәйкес келуіне сараптама жүргізу;

өнеркәсіптік меншіктің тіркелген объектілерінің, селекциялық жетістіктердің және интегралдық микросхема топологияларының тізілімін жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді және интегралдық микросхема топологияларын қорғау мәселелері бойынша қорғау құжаттарының сипаттамаларын және ресми бюллетеньдер шығару;

Патент кооперациясы туралы шартқа, Еуразия патент конвенциясына және Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне сәйкес функцияларды жүзеге асыруға байланысты халықаралық өтінімдер бойынша сараптама жүргізу.

6. Комитет осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 9 н а у р ы з д а ғ ы

N 411 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 48, 449-құжат).

2. "Қазпатент" патенттер және тауар белгілері жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 142 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 7, 42 - құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Авторлық құқықтар жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 846 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 28, 275-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 1295 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 439-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК